

Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 373 "2020-2022 жылдарға арналған Қайыңды ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 1 шілдедегі № 415 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 шілдеде № 7285 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 373 "2020-2022 жылдарға арналған Қайыңды ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6659 тіркелген, 2020 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "20 744" сандары "26 378" сандарымен ауыстырылсын,

оның ішінде:

трансферттер түсімі – "19 458" сандары "25 092" сандарымен

ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "20 744" сандары "26 378" сандарымен ауыстырылсын;

3 тармақ келесідей редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы "2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 7 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі "2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Жарлығының 8 тармағына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Ойыл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ойыл аудандық
мәслихатының сессия төрағасы

Б. Коздигарин

Ойыл аудандық
мәслихатының хатшысы

Е. Жиеналин

Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 1
шілдедегі № 415 шешіміне қосымша

Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6
қаңтардағы № 373 шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған Қайыңды ауылдық округ бюджеті

санаты		сомасы (мың теңге)
	сыныбы	
	кіші сыныбы	
	Атауы	
	1. Кірістер	26 378
1	Салықтық түсімдер	1 150
01	Табыс салығы	10
	2 Жеке табыс салығы	10
04	Меншікке салынатын салықтар	1140
	1 Мүлікке салынатын салықтар	8
	3 Жер салығы	32
	4 Көлік құралдарына салынатын салық	1100
2	Салықтық емес түсімдер	136
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	80

	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	80
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	56
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	56
4		Трансферттердің түсімдері	25092
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	25092
	3	Аудандардың (облысық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	25092

Функционалдық топ			Сомасы (мың теңге)
Функционалдық кіші топ			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	
		Бағдарлама	
		Атауы	
		II. Шығындар	26 378
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	14 681
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	1 4 681
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14 681
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 681
07		Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	11697
	3	Елді-мекендерді көркейту	11697
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11697
		007 Аудандық маңызы бар қаланың ауылдық, кенттің, ауылдық округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру.	200
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1020
		009 Елді – мекендерді санитариясын қамту	200
		011 Елді – мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	10 277
15		Трансферттер	0
	1	Трансферттер	0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0